



1736-1819 жылдар аралығында өмір сүрген шотланд инженері, өнертапқыш-механик Джеймс Уатт қуат бірлігі ретінде «ат күші» бірлігін ұсынған. Ал 1882 жылы британдық инженерлер өнертапқыштың есімін қуат бірлігіне беруге шешім қабылдады.

Тапсырма:

1. Электр энергиясының бірлігін атаңыз

2. Электр энергиясы адам өмірінде қандай рөл атқарады

Тұрмыстық құрал	Қуат бірлігі
Асүй сорғысы	140-150
Үтік	1000-3500
Компьютер	400-1000
Салқындатқыш	500-2500
Қысқатолқынды пеш	800-2000
Блендер	200
Тоңазытқыш	200
Ыдысжуғыш мәшине	3500
Шаңсорғыш	1500
Кіржуғыш мәшине	3300
Теледидар	180
Шашкептіргіш	800

3. Қуат бірлігі ең жоғарғы аспапты анықтаңыз

4. Қуат бірлігі ең төменгі аспапты анықтаңыз

5. Энергияның көп мөлшерде тұтынылуын болдырмау үшін, бір мезгілде қоспауға кеңес беретін үш аспапты анықтаңыз

6. Тұрмыстағы құралдар қуаттылығының кестесін пайдаланып, отбасыңыздағы бір күндік энергия шығынын есептеңіз (өз облысыңыздағы тариф бағасын ескеріңіз)